



Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық комитеті туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 8 шілде N 1076. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.12.18. N 1791 қаулысымен. ~P971791

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3377 Жарлығына

U973377_

(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 10, 69-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті туралы ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 8 шілдедегі
N 1076 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Салық комитеті туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (бұдан әрі - Салық комитеті) салық заңдары мен мемлекеттік бюджетке төлемдердің, сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, Міндетті медициналық сақтандыру қорларына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті жарналар мен аударымдардың түсуін көздейтін басқа да заң актілерінің негізінде барлық деңгейдегі бюджеттің кіріс бөлігінің атқарылуы үшін жауаптылықта болатын мемлекеттік орган болып табылады.

2. Салық комитеті және оның аумақтық органдары өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Салық комитетінің құрылымы мен штаттық санын сондай-ақ оның аумақтық органдарының санын Қазақстан Республикасының Қаржы министрі б е к і т е д і .

4. Салық комитеті мен оның аумақтық органдары республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігін ұстауға көзделген қаражаттың е с е б і н е н ұ с т а л а д ы .

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті заңды тұлға болып табылады, банктерде шоттары, қазақ және орыс тілдерінде атауы жазылған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі және б л а н к і л е р і б о л а д ы .

II. Салық комитетінің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

6. Салық комитетінің өз қызметі аясындағы негізгі міндеттері: мемлекеттік бюджетке салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерін, сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, Міндетті медициналық сақтандыру қорларына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті жарналар мен аударымдардың уақытында және толық түсуін қ а м т а м а с ы з е т у ;

басқа мемлекеттермен, салық салу мәселелері жөніндегі заңдардың, шарттардың жобаларын әзірлеуге қатысу; салық заңдарының атқарылуын қамтамасыз ету, оның тиімділігін әзірлеу;

салық төлеушілерге олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, салық заңдары мен салық салу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің өзгергендігі туралы салық төлеушілерді уақтылы хабарландырып отыру болып табылады.

7. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай негізгі функцияларды орындайды:

салық заңдары мен салық салу мәселелерін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, Міндетті медициналық сақтандыру қорларына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті жарналар мен аударымдардың дұрыс есептелуінің бюджетке толық және уақытында енгізілуінің қамтамасыз етілуіне бақылауды жүзеге асырады;

салық заңдарының бұзылуы туралы арыздарды, хабарламаларды және басқа да ақпараттарды тексеруді жүзеге асырады;

салық төлеушілердің арасында салық заңдарының қолданылуы туралы түсіндіру жұмысын жүргізеді;

салық заңдарының бұзылуына талдау және бағалау жүргізеді және салықтық құқық бұзушылықтар мен қылмыстарға ықпал ететін себептер мен шарттарды жою жөнінде тиісті ұсыныс енгізеді;

салықтардың түсуі туралы есептерді алады, қорытады және талдайды, сондай-ақ бюджетке есептелген және төленген салықтардың есебін жүргізеді;

аумақтық салық органдарының салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, Міндетті медициналық сақтандыру қорларына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті жарналар мен аударымдарды жинау жөніндегі жұмысының ұйымдастырылуына тексерулер жүргізеді;

тексерулердің нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктер мен тәртіп бұзушылықтарды жоюға шаралар қабылдайды;

Салық комитеті құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен аумақтық салық органдары басшыларының есептерін тыңдайды;

аумақтық салық органдарына әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді, салық органдарының жұмыс тәжірибелерін зерделейді және енгізеді;

кадрлардың біліктілігін арттыру жөнінде шаралар жүргізеді;

қолда бар келісімдерге сәйкес шетелдік мемлекеттердің салық органдарымен және халықаралық салық ұйымдарымен байланысты жүзеге асырады, шетелдік мемлекеттер салық қызметтерінің қызметті ұйымдастыру тәжірибелерін зерделейді және оны Қазақстан Республикасы салық органдарының қызметінде

практикалық қолдану жөнінде ұсыныс әзірлейді;
өз құзыретінің шегінде салық салу мәселелері бойынша мемлекетаралық және
үкіметаралық келісімдерді жүзеге асырады;

белгіленген тәртіппен әдістемелік және нұсқаулық материалдарды әзірлейді
және бекітеді, салық заңдарының қолданылуы жөнінде түсіндірмелер
д а й ы н д а й д ы ;

ақпараттық жүйе мен салық органдарын автоматтандырудың және
компьютерлендірудің басқа жа құралдарын құру жөніндегі шараларды жүзеге
а с ы р а д ы .

8. Салық комитеті өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды жүзеге
асыру үшін өз құзыретінің шегінде оған "Салық және бюджетке төленетін басқа
да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995
жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заң күші бар Жарлығымен Z952235_ берілген
қ ұ қ ы қ т а р д ы п а й д а л а н а д ы .

III. Салық комитетінің қызметін ұйымдастыру

9. Салық комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бірыңғай
жүйесіне кіреді, және облыстар мен Алматы қаласы бойынша, аудандар, қалалар
мен қалалардағы аудандар бойынша салық комитеттерінен тұратын тік
бағыныстағы органдары болады.

10. Салық комитеті өзіне берілген өкілеттіктердің шегінде арнайы
атқарушылық және бақылаушылық функцияларды, сондай-ақ аумақтық салық
органдарының жұмыстарын үйлестіруді және оларға басшылықты жүзеге
а с ы р а д ы .

11. Салық комитетін Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің ұсынуы
бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және
қызметінен босататын Төраға басқарады.

Салық комитеті төрағасының орынбасарын Салық комитеті төрағасының
ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметке
тағайындайды және қызметінен босатады.

Салық комитеті орталық аппаратының қызметкерлері, облыстар және Алматы
қаласы бойынша салық комитеттерінің төрағалары мен төрағаларының
орынбасарлары аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық
комитеттерінің төрағалары Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
бекітетін лауазымдар номенклатурасына сәйкес қызметке тағайындалады және
қ ы з м е т і н е н б о с а т ы л а д ы .

12. Салық комитетінің төрағасы:

салық комитеті мен оның аумақтық органдарының жұмысын ұйымдастырады

және оларға басшылықты жүзеге асырады. Салық комитетіне жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыру үшін жеке жауаптылықта болады;

орынбасар мен Салық комитетінің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен жауаптылық деңгейін айқындайды;

Салық комитетінің басқармалары мен бөлімдері туралы ережені және аумақтық салық комитеттері туралы үлгілік ережені бекітеді;

өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады;

облыстар, Алматы қаласы бойынша салық комитеттерінің құрылымы мен штаттық санын бекітеді;

тәртіптік жаза қолданады;

өз құзыретінің шегінде, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарға Салық комитетін білдіреді;

өз құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

13. Барлық деңгейлердегі салық органдарында әлеуметтік даму және материалдық-техникалық қамтамасыз ету қорлары құрылады.

Салық органдарының әлеуметтік даму және материалдық-техникалық қамтамасыз ету қорларын құруы мен пайдалануының тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

14. Салық комитетінің облыстар мен Алматы қаласы бойынша, аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық комитеттерінің шешімдері қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келмеген жағдайларда күшін жоюға немесе тоқтата тұруға құқығы бар.

15. Салық комитеті өз жұмысында орталық және жергілікті атқарушы органдармен, құқық қорғау және басқа да мемлекеттік бақылаушы органдармен өзара іс-қимыл жасайды, бірлескен бақылау шараларын қабылдайды, өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

16. Салық комитетінің қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқаруы кезінде заң мен қорғалады.

17. Салық комитетінің қызметкерлері республикалық бюджеттің қаражаты есебінен міндетті сақтандырылуға жатады.

18. Салық комитетін тарату және қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.